

УДК 811.512.122

Бекбосынова, А.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының доценті
Міркемел, А.,
4 курс студенті,
ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан

I. ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйіні

Табиғат атауларына байланысты теңеулер – тіл біліміндегі жаңа құбылыс. Ғылыми мақалада табиғат атауларына байланысты теңеулердің ерекшелігі мен шығармадағы қолданысы қарастырылды. Қаламгер І. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы табиғат атауларына байланысты теңеулердің мағынасы, стильдік қызметі анықталды.

***Мақаланың мәнін ашатын сөздер:** теңеу категориясы, образ, табиғат, мінез, адам психологиясы, литота, ассоциация.*

1. Кіріспе.

Т. Қоңыров теңеулерді жан-жақты зерттеп, өзінің ізденістерін «Тұрақты теңеулер сөздігі» атты еңбегінде саралаған. Ғалымның бұл еңбегінің бірінші бөлімі «қазақ теңеулерінің семантика-грамматикалық табиғатын» зерттеуге арналған. Оның зерттеуінше, теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы.

Ғалым теңеулердің классификациясын айқындаған. Профессордың зерттеуінше, теңеудің синтаксистік құрылымы мынадай мәселелерді қамтыған:

- жалаң теңеулер;
- күрделі теңеулер;
- толымды теңеулер;
- толымсыз теңеулер;
- бірыңғай теңеулер;
- болымсыз теңеулер.

Жалаң теңеулер – теңеудің бұл түрі тек теңеу құраушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың яки құбылыстың жалаң суретін жасады. Мұнда күрделі ой жоқ, осыған орай бұл теңеуде образ да болмайды. Мысалы: *Бөбектей* болдық аң-таң, жүрдік сенбей. Алғашқы үзіндідегі «бөбектей болдық аң-таң» – осындай теңеу. Мұндағы «бөбектей» – теңеудің образы, «аң-таң болдық» – теңеудің белгісі.

Өзінің құрылысы жағынан күрделі теңеу – жалаң теңеуге қарама-қарсы құбылыс. «Мұнда не образ, (көбіне образ) не предмет немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымды негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады», – дейді Т. Қоңыров (Т. Қоңыров, 2007, 395 б.).

Болымсыз теңеулерді талдау барысында Қ. Жұмалиевтің зерттеулеріне сүйенген. Қ. Жұмалиев: «Теңеудің ішінде болымсыз теңеу дейтін болады. Бұнда бір затты екінші затқа теңегенде, болымсыз ғана мағына шығарады, мысалы: ол онша әдемі жігіт емес, дегенмен бір көруге сиықсыз адам сықылды да емес». Т. Қоңыров Қ. Жұмалиевтің бұл құбылысты дұрыс

байқағанын атап өткен. «Бұл теңеуге негіз болатын нәрсе – болымсыздық мағына емес, бір зат екінші заттың бір-біріне ұқсас яки ұқсас емес екендігі. Басқаша айтқанда, кәдімгі теңеулер заттар мен құбылыстардың өзара ұқсастығының негізінде жасалса, ал, керісінше, болымсыз теңеулер заттар мен құбылыстардың ұқсас еместігі негізінде жасалады» (Т. Қоңыров, 2007, 397 б.).

2. Материалдар мен әдістер.

Т. Қоңыров теңеулердің төмендегідей стильдік вариацияларын көрсеткен:

- 1) *метафоралық теңеулер*;
- 2) *эпитеттік теңеулер*;
- 3) *метонимиялық теңеулер*;
- 4) *синекдохалық теңеулер*;
- 5) *гипербоалық теңеулер*;
- 6) *литоталық теңеулер*;
- 7) *градациялық теңеулер*;
- 8) *синонимдік теңеулер*;
- 9) *антонимдік теңеулер*.

Ғалым метафоралық теңеу туралы мынадай ой түйген: «Теңеу дегеніміз – қысқармаған, жайылма метафора: Басқаша айтқанда, әрбір теңеудің көлеңкесінен метафоралық мағына көрініп тұрады. Бұған көз жеткізу үшін төмендегі мысалдарға көңіл аударайық: Исің – гүл аңқыған, Нұрың – күн шылқыған (Абай); Ажарланып өңдері, Күндей болып жайнаған (С. Мұқанов).

Алғашқы мысалдағы «нұрың күн шалқыған» тіркесі – таза метафора да, кейінгі мысалдағы «өңдері күндей болып жайнаған» конструкциясы – таза теңеу. Осы мысалдардың алғашқысын: «Исің гүлдей аңқыған, Нұрың күндей шалқыған – деп өзгертуге әбден болады» (Т. Қоңыров, 2007, 493 б.).

Эпитеттік теңеулер деп отырған теңеулердің түрі қазақ теңеулерінің ішінде көп кездеседі. Олардың басқа сөздермен салыстырғанда, өзіндік стильдік өңі, көркемдік тігісі бар. Бұлардың өзіндік ерекшеліктері, әсіресе, олардың эмоционалды-эксперссивтік сапасынан айқын көрініп тұрады.

Эпитеттік теңеулердің тек өздеріне ғана тән айырым белгілері болады. Ол мынау: *логикалық екпін түскен сөзді образ әр уақытта анықтап, айқындап тұрады*. Басқаша айтқанда, образ, не предметке, не белгіге көркем анықтауыш ретінде қолданылады.

Т. Қоңыровтың еңбектеріне ғалым А. Бекбосынова сүйенеді. Ол өзінің «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты кандидаттық диссертациясында теңеуге «Теңеу – таным көзі. Салыстыру, ұқсату, теңеу арқылы таным үдерісі арта түседі. Теңеу – адамның бейнелі ойлауының, әлемді бейнелей тануының және қоршаған дүниені көркем қабылдауының нәтижесінде қалыптасады» деп анықтама береді (А.Х. Бекбосынова, 2010, 3 б.). С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеулерді мынадай категорияларға бөліп қарастырады:

- 1) *этномаркерлі*;
- 2) *прецеденттік*;
- 3) *сентенция*;
- 4) *сенсорлық-перцептивтік*;
- 5) *тұрақты*;
- 6) *семантика-стилистикалық*;
- 7) *метафоралық*;
- 8) *эпитеттік*;
- 9) *метонимиялық*;
- 10) *синекдохалық*;
- 11) *гипербоалық*;
- 12) *литоталық*.

А. Бекбосынова сентенция-теңеулер автор дүниетанымын, парасат-пайымын көрсететінін атайды. «Кез келген суреткер өз ойы мен көзқарасын оқырманға әсерлі әрі бейнелі етіп жеткізу үшін тілдің экспрессивті құралдарын мейлінше уәжді қолдануға тырысады. Көркем шығармадағы теңеулер адамның сезіміне ерекше әсер етіп, түрлі стильдік қызметте қолданылуымен құнды болып келеді. С. Мәуленов қолданған теңеулер ұлттың таным-түсінігін білдірумен бірге терең мазмұнды, ой-тұжырымды болып келген. Мысалы:

Айтылған сөз қисынсыз,

Қаңғыбастай үй-күйсіз.

Қисынды сөз іздейміз

Күндіз-түні ұйқысыз.

Ақын қолданған теңеулік құрылымдағы мұндай құбылыс белгілі бір оқиғаның түйіні мен қорытындысы болып келген. Теңеулік құрылымдағы оқиға түйіні: сөз қадірін білу, сөз қадірін кетірмеу» (А.Х. Бекбосынова, 2010, 10 б.).

Көптеген ғалымдар теңеулерді әр түрлі классификациялаған. Егер де теңеуді мағыналық жағына қарай топтайтын болсақ, табиғат атауларына байланысты теңеулерді бөлек топ ретінде шығаруға болар еді. Себебі, табиғат – бізді қоршаған орта, жануарлар әлемі, өсімдіктер әлемі, Жер-ана, су, таулар, жұлдыздар және т.б. Табиғат пен адам егіз ұғым болғандықтан, адамзат ерте заманнан-ақ табиғаттың құдіретіне, күшіне сеніп, оған табынған. Ал жазушылар мен ақындар табиғаттың ажырамас бөлшектері екенін біле және екеуінің үндестігін ұғына отырып, өз шығармаларында табиғат пен адамды байланыстырып, бір-біріне балап, кей-кездерде адамның қасиеттерін сол табиғат қасиеттеріне теңеп суреттейді.

Табиғат атауларына байланысты теңеулердің білдіретін мағыналары мен шығармада қолданылу тәсілдері әртүрлі болады:

1. Бір нәрсенің түр-түсі мен пішінін айқындау мақсатында табиғат атауына балау негізінде туындаған теңеулер *айдай сұлу, арғымақ аттай сыдиган, қайыңдай сымбатты, қойдай қоңыр, қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай және т.б.*

2. Адам бойындағы мінезді, адамның психологиясын, жан-дүниесін бейнелі не ассоциативті негізде жануар не өсімдік бойындағы қасиетпен салыстыру негізінде туындаған теңеулер: *қойдай жусас, қабыландай қайратты, арыстандай айбатты, өгіз сияқты, нар атандай, жылқы сияқты адам және т.б.*

3. Адамның іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын табиғаттағы ұқсас бір құбылысқа, әрекетке теңеу негізінде туындаған теңеу: *оқыралаған өгіздей мөңки тулау, бұқадай мықты, жылқыдай жусатып, қойдай өргізді, нар бурадай шабынды, нар атандай, ұйлыққан қойдай қамалды, лақтай секіру, адамның қасы арам шөп тәрізді және т.б.*

4. Адам өміріндегі заңдылықтарды, жағдайларды бейнелі не ассоциативті түрде табиғат құбылыстарына не табиғат атауларына балау негізінде туындаған теңеулер: *адам өмірі теңіз сияқты, су жағасындағы жартастай, көк теңіз үстінде ұшқан ақ шағаладай хан ордасы, хан саясаты тынып жатқан көл теңдес, жаңбырдай құйған қайғы және т.б.*

5. Адамның сезімін, көңіл күйін табиғат атауларына балау негізінде туындаған теңеулер. Бұлардың саны өзгелерге қарағанда азырақ: *арыстандай жүрегім қояндікіндей болғанда, айдалада жараланған жолбарыстай және т.б.*

3. Талқылау.

Табиғат атауына байланысты теңеулерді шебер қолданған жазушылардың бірі – Ілияс Есенберлин. Ол өзінің «Алмас қылыш» романында табиғаттың ажырамас бөліктері адам мен жануарлар арасындағы байланысты ашып, адам бойындағы мінезді, оның психологиялық жағдайын жануарлар әлемімен бейнелі не ассоциативті түрде өте нанымды балай білген. Жануарлар мен адам бойындағы қасиеттерді салыстырудың өзіндік ерекшелігі мен қыр-сыры бар. Жануарлардың ауыс мағынада қолданылуын М.Т. Жұбанышқызы былай түсіндіреді: «Жануарлар атауларының ауыс мағынада келіп, өзіне тән емес ұғымдарда қолданылуын адамзат баласының тұрмыс-тіршілігінің ұзақ уақыт бойы жануарлар әлемімен тығыз байланыста болып келуімен түсіндіруге болады. Ал дүниедегі алуан түрлі құбылыстар жөніндегі

түсінігін халық өзін қоршаған ортадағы танымына етене жақын, ертеден танымал ұқсас бейнелер арқылы білдіретіні мәлім. Тілдегі қандай да бір сөздің мағынасында таным объектісі болып отырған болмыстың ерекше сипатын білдіретін элементтер қаншалықты басым болса, сол болмысты осы сөздің көмегімен бейнелеу мүмкіндігі соншалықты арта түспек» (Т.Ж. Мықтыбаева, 2005, 9 б.). Теңеулерді осылай жасау арқылы жазушы ұлттың болмысын таныта біледі. І. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы жануарларға байланысты теңеулерге назар аударсақ:

1. Арыстанның жүрегіндей жүрегім қоянның жүрегіндей болғанда, алпауыттай көңілім алақандай болғанда, қорлама енді сен мені, тағдырымды өзің шеш.

«Арыстанның жүрегіндей жүрегім қоянның жүрегіндей болғанда» теңеуі табиғат атауына байланысты туындаған. Оның ішінде жануар атауына байланысты туындаған теңеу. Сонымен қатар, ғалым Т. Қоңыровтың зерттеуіне сүйенер болсақ, синтаксистік құрылысы жағынан **күрделі теңеу**, ал стильдік вариациясына байланысты **литоталық теңеу**. Литоталық теңеулерге образ болып қолданылатын заттардың сан мөлшері санаулы-ақ болады да, олар әрқашан тұрақты сипатымен көрінеді. Бұл жерде жазушы шығарманы әсерлі ете түсу үшін заттарды өзінің қалыпты өлшемінен тым кішірек ете түскен. Арыстанның жүрегін қояндікіндей етіп, алпауыттай көңілді алақандай еткен. Теңеудің образы ретінде **жүрек** алынса, теңеудің заттары екеу, олар – **арыстан мен қоян**. Адам бойындағы сезімді, көңіл-күйді бейнелеу мақсатында қолданылып тұр.

2. Айдалада жараланып жалғыз қалған жолбарыстай ыңырана күрсінді.

Табиғат атауына байланысты, оның ішінде жануарлар атауына байланысты туындаған теңеу. Бірден екі топ мағынасының қасиетін бойына дарытқан. Бір жағынан адамның іс-әрекетін бейнелі түрде адамның іс-әрекетімен теңесе, екінші жағынан адамның сезімін ассоциативті түрде жануар әрекетімен балаған. *«Айдалада жараланып жалғыз қалған жолбарыстай»* теңеуі синтаксистік құрылымы жағынан күрделі теңеу. Ал стильдік вариациясы жағынан **эпитеттік теңеу (айдалада жараланып қалған жолбарыс)**. Теңеудің образы – **жолбарыс**, ал теңеудің белгісі – **жараланып, жалғыз қалған**.

Жолбарыс – өте қайратты, өжет жануар. Топта өмір сүргенменен, жалғыз өмір сүргенді ұнатады. Жапанда жалғыз жүргендіктен, аңшыларға оны олжалы ету оңайырақ. Кең далада жараланған, жалғыз жолбарыс өлімді өжеттілікпен қарсы алады. Күрсінуден басқа амалы жоқ. Оның бойындағы осы сезім мен психологиялық жағдайды жазушы адам бойындағы сезіммен ұштастыра, оларды бейнелі түрде шебер теңей білген.

3. Жаяу бәйгеден Египеттен қашып келген ғалым, жараған арғымақ аттай сидиған ұзын бойлы, күйген кірпіштей қара қошқыл отыз бес жасар араб жігіті эль Мүлік ибн Зархум келді.

Теңеу жан-жануар атауына байланысты туындаған. Оның ішінде – үй жануарына байланысты туындаған. Адамның түр-түсі мен пішінін айқындау мақсатында жануар бойындағы қасиетпен ауыстырылып жасалған теңеу.

Жылқы қазақ халқында киелі саналады. Жараған арғымақтың өзі түгіл сирағы да ұзын болады. Адамның бойын ұзын қылатын аяғы болса, аттың бойын ұзартатын да осы сирағы. Автор сол ұзын сирақты, жараған арғымақ бойының ұзындығын адамның ұзын бойымен теңеген. Теңеудің заты – **арғымақ** болса, теңеудің образы – **ат**, теңеудің белгісі – **сидиған**. *«Жараған арғымақ аттай сидиған ұзын бойлы»* деген гендерлік теңеуі ер адам портретін айқындай түскен.

4. Бұлар бір-бірін жан алқымнан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес.

Қасқырдың айбатты, ержүрек, қайсарлығын суреттейтін қасиетін тіліміздегі фразеологизмдер, көркемдегіш құралдар ретінде қолданылатын тұрақты теңеулер нақтылай түседі: «қасқыр жүректі», «қасқырдай өжет», «қасқырдай жауыз», «көкжал бөрідей», т.б. Олар – беті ештеңеден қайтпайтын, батыл қайсар, жүрек жұтқан дегенді білдіреді. «Қасқыр» есімін (лақап есімі) мынадай парадигма арқылы көрсетуге болады: қасқыр → жабайы жыртқыш аң

→ азулы, қайсар → айбатты өткір. Қасқырдың бойында айбатты, өжет, ержүректік сияқты қасиеттер бар. Сондықтан болар, қазақтар өжет жігіттерді көкжал қасқырға ұқсатып, бөрідей батыл болу үшін бойына рух беріп намыстарын қоздыру арқылы батырлыққа, ерлікке баулыған. Бөрі өшіккен жауына ешқашан есесін жібермеген. Сол себепті болар жазушы І. Есенберлин ер адамның айбатты өткірлігі мен батырлығын, ержүректігін көрсету мақсатында **«көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес»** теңеуін шебер пайдаланған.

Теңеудің заттары – **көкжал, арлан**, теңеудің образдары – **қасқыр мен тазы**, теңеудің белгісі – **жан алқымынан ала түсер**. Теңеу адамның нақты мінезі мен психологиясына байланысты ерекшеліктерді жануардың бейнесімен не мінезінің ерекшелігімен салыстыру негізінде туындаған. Нақтырақ айтсақ, қасқыр мен арланның қайраттылығы, өжеттілігі, әрдайым қарсылысана төтеп бере алуы адам бойындағы қасиетпен теңелген.

5. Ұлдары сойылға жығылып, ботасы өлген інгендей боздаған аналар...

Ботасы өлген кәрі інгендей // Ботасы өлген інгендей боздау – «біреуді жоқтап, ұзақ дауыстап зорлана жылау». Бұл теңеу жастай ботасы өліп, не одан ұзақ көз жазып қалған енесі – інгеннің желіні сыздап, өзін сағынып жан-жағынан іздеп, аласұрып, оқтын-оқтын ұзақ дауыс шығаруына (боздауына) ұқсатудан туған бейнелі теңеу.

Адам бойындағы іс-әрекетті жануар бойындағы іс-әрекетке ассоциативті түрде теңеу арқылы туындаған теңеу.

6. Мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылған тоқал ешкідей Самарқантты жаулап аламын деп жүріп, Бұқарынан айрылды.

Теңеудің образы ретінде – **тоқал ешкіні** алған. Теңеудің заты – **құлақ**, теңеудің белгісі – **айрылған**. Табиғат атауына байланысты туындаған теңеу. Оның ішінде зооморфтік теңеу. Қаламгер үй жануарының бойындағы іс-әрекетті адам бойындағы іс-әрекетке баулу арқылы, адам бойындағы мінез жөнінде сөз қозғаған. Бұл жерде адамның тойымсыздығы суреттеледі. Тоқал ешкі «мүйіз» деп аңсап жүріп, өзінің құлағынан айрылғандай, адам да кейде қолда бардың қадірін білмей, қанағат етпей, барынан айрылып жатады. Міне, дәл осы мінезді суреткер жануар бойындағы іс-әрекет арқылы шебер көрсете білген.

Кейде адам өміріндегі белгілі бір заңдылықтар, жағдайлар да табиғат атауларымен теңестіріледі. Негізінен, дерексіз есімдерді табиғат құбылыстарына теңеген кезінде, олардың экспрессиялық әсері арта түседі. І. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы осындай дерексіз есімдерге назар аударсақ:

1. Шіркін жастық, дарияның алғашқы тасыған қарқынындай едің-ау, бұзбайтын бөгетің бар ма еді?

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» назар аударар болсақ, **ДАРИЯ** «Ені кең, суы мол, терең үлкен өзен» (Т. Жанұзақов, 2008, 188 б.). Дария тасыған кезінде сең жүреді, яғни дария бетіндегі мұз кесектері ағыстың, судың температурасының әсерінен қозғалады. Дарияның тасыған кезде, арналары эрозияға ұшырап, шөгінділері шайылып, жаңа аңғарлар пайда болады. Халық тынысы ашылып, ауыл шаруашылығына септігі тиеді. Сол секілді жастық шақ кезінде де адам сол тасыған дариядай тек алға қозғалады. Дария тасығандай, жастық шақта адам бойындағы энергия да тасиды. Оның пікірінше, дария тасыған кезінде оны тоқтатар күш болмайды, дәл солай жастық шақ кезінде де бұзылмайтын бөгет болмайды.

Жазушы **«жастық, дарияның алғашқы тасыған қарқынындай»** деген теңеуді экспрессивті мәнде қолданған. Табиғат атауына байланысты туындыған. Оның ішінде табиғаттың бір бөлшегі су атауына байланысты туындаған. Дерексіз есім «жастықты» сол дарияның белгілі бір қасиетіне балап, адам өміріндегі кезеңді табиғатқа теңеуден туындаған. Теңеудің заты – **жастық**, теңеудің образы – **дария**, теңеудің белгісі – **алғашқы тасыған қарқын**.

2. Демек адамның қасы – арам шөп тәрізді болады екен.

Теңеудің образы ретінде **арам шөп** алынса, теңеудің заты ретінде **адамның қасы** алынған. Табиғат атауына байланысты туындаған теңеу. Адамның бойындағы мінезді табиғаттың бір бөлігі шөпке теңеу арқылы туындаған. Арам шөп қасындағы өсімдіктерге өсуге

мүмкіндік бермейтіні секілді жау, қас адам да өзінің қарсыласына тыным бермей, қастандық жасап, оның өсуіне, өмір сүруіне мүмкіндік бермейді.

3. Хан саясаты тынып жатқан көл секілді, қай жері тұңғыық, қай жері тайыз білмейсің.

Теңеудің заты – *хан саясаты*, теңеудің образы – *көл*, теңеудің белгісі – *тынып жату*. Табиғат атауына байланысты туындаған теңеу. Дерексіз есім негізінде жасалған. Адам бойындағы іс-әрекетті табиғаттың бір бөлшегіне балау негізінде жасалған. Тынып жатқан көлдің қай жері тұңғыық, қай жері тайыз екені бірден байқалмайды. Тек оған түсіп көргесін ғана байқалады. Сол секілді хан саясатының да қай жері дұрыс, қай жері бұрыс екені бірден білінбейді. Оның қай жері тұңғыық екенін, пайдаға асарлығын тек саясаттың өзіне араласқасын ғана сезіне бастайсың.

Қорытындылай келсек, табиғат атауына байланысты теңеулер – аз зерттелген тақырыптардың бірі. Ақын-жазушылар өз шығармаларында оларды өте шебер, нанымды, әсерлі ете қолдана білген. Сондай жазушылардың бірі – І. Есенберлин. Ол өз шығармаларында адам мен табиғаттың егіз екенін табиғат атауларына байланысты теңеулерді молынан әрі шебер қолдануы арқылы дәлелдей түскен.

Әдебиет тізімі

Бекбосынова, А.Х. Сырбай өлеңдеріндегі теңеу [Мәтін] / А.Х. Бекбосынова. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана: [ж. б.], 2010. – 24 б.

Есенберлин, І. Көшпенділер [Мәтін] / І. Есенберлин. – Алматы: Көшпенділер, 2014. – 896 б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

Қоңыров, Т. Тұрақты теңеулер сөздігі [Мәтін] / Т. Қоңыров. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 бет.

Мықтыбаева, Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы [Мәтін] / Т.Ж. Мықтыбаева. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: [ж. б.], 2005. – 31 б.

Өтебаева, Э.Ә. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты [Мәтін] / Э.Ә. Өтебаева. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 28 б.

Вестник КазНУ. Серия филологическая [Текст] / Научный журнал. – №1 (135). – 2012.

Мәлімет редакцияға түсті: 26.12.2016

БЕКБОСЫНОВА, А., МИРКЕМЕЛЬ, А.

ИПОЛЬЗОВАНИЕ СРАВНЕНИЙ С ПРИРОДНЫМИ ЯВЛЕНИЯМИ В РОМАНЕ И. ЕСЕНБЕРЛИНА «АЛМАС ҚЫЛЫШ»

Сравнения с природными явлениями – это новый феномен в лингвистике. В данной научной статье рассматриваются сравнения, связанные с природными явлениями, их особенности в литературных произведениях. Выявлены стилистические особенности и значения сравнений про природные явления в романе «Алмас қылыш» Ильяс Есенберлина.

Ключевые слова: категория сравнения, образ, природа, характер, литота, психология человека, ассоциация.

BEKBOSYNOVA, A., MIRKEMEL, A.

USING COMPARE TO NATURAL PHENOMENA IN THE I. ESENBERLIN'S NOVEL «ALMAS KYLYSH»

Comparison about natural phenomenon – is a new phenomenon in linguistic. The article discusses the comparison about natural phenomenon and especially in their literary works. It also discusses the meaning and stylistic features of comparison about natural phenomenon in the roman «Almas kylysh» written by Illiyas Esenberlyn.

Keywords: category comparison, image, nature, character, human psychology, litotes, association.